26.02.2024-ғы № 11-12/370 дз шығыс хаты

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ
ОРЫНБАСАРЫ

ЗАМЕСТИТЕЛЬ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаты, «AMANAT» партиясы
фракциясының мүшесі
М.Ж. Жайымбетовке

2024 жылғы 24 ақпандағы
№ ДС-5 сауалға

Құрметті Мархабат Жайымбетұлы!

Ветеринариялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қатысты депутаттық сауалыңызды қарап, мынаны хабарлаймын.

Жергілікті атқарушы органдардың ветеринария саласындағы нормативтік құжаттарға аналитикалық сараптама жүргізе отырып, мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалауды күшейтуге қатысты

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бизнесті реттеу бойынша өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» Заң жобасы шеңберінде «Ветеринария туралы» Заңға мемлекеттік бақылаудың жаңа нысандарын жүзеге асыру тәртібін, мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық қадағалау нәтижелері бойынша жедел ден қою шараларын айқындауға және жергілікті атқарушы органдардың *(бұдан әрі – ЖАО)* бөлімшелеріне бақылауды жүзеге асыру кезеңділігін реттеуге бағытталған түзетулер көзделген ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асырады.

Сонымен қатар, ветеринариялық жүйені реформалау шеңберінде бақылау мен қадағалауды күшейту мақсатында процестерді цифрландыру, деректерді жинау мен беруді автоматтандыру бөлігінде бастапқы және анық деректерді тікелей негізгі ақпараттық жүйелерге автоматты режимде беруге мүмкіндік беретін жаңа модульдер мен қосымшалар *(ВетЛаб, РПО, Процессинг орталығы, ӘЭК)* әзірленді.

Бұл шаралар ветеринарлық дәрігерлердің жұмысын жеңілдетеді және сенімді деректерді автоматты түрде алуға мүмкіндік береді.

26.02.2024 ЭҚАБЖ МО (7.23.0 нұсқасы) Копия электронного документа.

Вакциналарды сақтау процесін күшейтуге қатысты

Ветеринариялық препараттардың сапасын қамтамасыз етудің негізгі критерийлері вакциналарды сақтау, тасымалдау және қолдану кезінде суық тізбекті қамтамасыз ету болып табылады.

Республикалық қордағы вакциналар «Республикалық эпизоотияға қарсы жасақ» РМК франко-қоймаларында сақталады, онда сақтау шарттары ветеринариялық-санитариялық талаптарға сәйкес келеді.

Вакциналарды тасымалдау шарттарын сақтау мақсатында келіп түскен вакциналарды қабылдайтын, вакциналарды тасымалдау шарттарын тексеретін, актілер жасайтын және әкімдіктің коммуналдық кәсіпорындарына беретін ЖАО комиссия құрады.

Анықтама: *республика бойынша аудандық ветеринариялық станцияларда және ветеринариялық пункттерде: вакциналарды сақтауға арналған 3 522 тоңазытқыш, 182 үй-жай вакциана сақтауға, 289 мұздатқыш камера, вакцинация кезінде пайдаланатын термосөмкелер бар.*

Осыған байланысты ветеринариялық вакциналарды сақтау, тасымалдау, қолдану шарттарының сақталуы өңірлердің ветеринариялық қызметінің тұрақты бақылауында екенін атап өтеміз.

Зертханалардың жауапкершілігін арттыру бойынша, оның ішінде қылмыстық құдалау тәртібімен

Қазақстанның мемлекеттік ветеринариялық қызмет жүйесінде екі зертхана жұмыс істейді, атап айтқанда, облыстар мен аудандардағы зертханалар желісі бар «Республикалық ветеринариялық зертхана» ШЖҚ РМК *(жалпы саны 189)* және Алматы қаласында орналасқан «Ветеринария бойынша ұлттық референттік орталық» ШЖҚ РМК бір филиалы бар.

Аталған мекемелердің қызметін тексеру, сондай-ақ оларды жауапкершілікке тарту жөніндегі шараларды айқындау мемлекеттік кәсіпорындар үшін заңнамада белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Сонымен қатар, «Ветеринария туралы» заңға сәйкес жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатқа ветеринариялық-санитариялық сараптама жүргізу кәсіпкерлік қызметке жатқызылған және олардың қызметін тексеру Кәсіпкерлік кодекспен регламенттелген.

Осыған байланысты, қолданыстағы заңнамада меншік нысанына қарамастан зертханалардың жауапкершілігі мәселесі жеткілікті дәрежеде реттелген деп санаймыз.

Жануарларды және жас жануарларды ескере отырып, аса қауіпті ауруларына қарсы ветеринариялық препараттарды уақытылы сатып алуды жүзеге асыруға қатысты

Уәкілетті орган бекіткен, таралу қаупі жоғары жануарлар мен құстардың аса қауіпті ауруларының тізбесіне аурулардың 68 түрі енгізілді, оның ішінде 45 түрі бойынша Қазақстан қолайлы эпизоотиялық жағдайға ие. Жыл сайын профилактикалық мақсатта республикалық бюджет есебінен жануарлар мен құстардың 23 аса қауіпті ауруларына қарсы вакцина сатып алу жүзеге асырылады.

2023 жылы 175 млн манипуляция жүргізілді, ағымдағы жылға 178,2 млн манипуляция жоспарланған.

Вакциналармен уақтылы қамтамасыз ету мақсатында өңірлер жыл сайын І-жартыжылдықта ветеринариялық-профилактикалық жұмыстарды жүргізу көлемін қамтамасыз ететін жануарлар мен құстар ауруларының түріне қарай жоспарланатын жылға арналған вакциналардың республикалық қорына сатып алады, қалған жылдық көлем тиісті күнтізбелік жылға арналған ветеринариялық-профилактикалық іс-шаралар жоспарына және Мемлекеттік сатып алудың қолданыстағы нормаларына сәйкес келесі жылдың басында сатып алынады.

Мал шаруашылығы қондырғыларын қалыпқа келтіру, оның ішінде жануарлардың көңі мен топырағын тазарту жұмыстарын оңтайландыруға қатысты

Бүгінгі күні ЖАО деректеріне сәйкес республика бойынша мәйіттерді жағуға арналған қондырғысы бар 155 көлік құралы бар *(жылжымалы инсинератор)*, оның ішінде аудандық ветеринариялық станцияларда 152 бірлік.

Сонымен қатар, ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің «Республикалық эпизоотияға қарсы отряды» РММ балансында ауру жануарлардың мәйіттерін өртеу үшін «Hurikan 3 000» маркалы жылжымалы инсинератордың (крематорийдің) 2 бірлігі бар, бір мезгілде мәйіттерді өртеу үшін 3 тоннаға дейін тиелген.

Сондай-ақ, ветеринариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың 2021-2030 жылдарға арналған Жол картасында мәйіт жағатын пеш (инсинераторлар) сатып алу және ЖАО мал қорымдарын салу көзделеді.

Кадрлық мәселелер, сондай-ақ шетелдік тәжірибені ескере отырып, жануарлардың аса қауіпті аурулары бойынша ветеринариялық іс-шараларды жоспарлауға қатысты

Бүгінгі күні жануарлар мен құстардың аса қауіпті ауруларына қарсы ветеринариялық-профилактикалық іс-шараларды жүргізу тәртібі белгіленген.

Аудандық ветеринариялық станциялар мен ветеринариялық пункттердің ветеринариялық мамандарының штат саны 10 350 бірлікті құрайды, оның ішінде бос жұмыс орындары 661 бірлікті құрайды, қамтамасыз етілуі 93,6 % бірлікті құрайды.

Сонымен қатар, Ғылым және жоғары білім министрлігінің деректері бойынша «Ветеринария» бағыты бойынша жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары *(бұдан әрі – ББ)* бойынша кадрлар даярлау 10 жоғары оқу орнында жүзеге асырылады.

«Ветеринария» бағыты бойынша білім алушылар контингенті – 5 511 адам, оның ішінде мемлекеттік тапсырыс бойынша – 3 523 адам.

Ветеринариялық-санитариялық бақылау қызметкерлерінің жалақысын және барлық тиісті әлеуметтік төлемдерін арттыруды қамтамасыз ету бойынша

2023 жылы ветеринарлық мамандардың жалақысы республика бойынша орташа есеппен 24 %-ға өсті.

Қазіргі уақытта мемлекеттік аудандық ветеринариялық станциялар мен ветеринариялық пункттердің ветеринариялық дәрігерлерінің орташа айлық жалақысы өңірлерге байланысты 151 мың теңгеден (Қызылорда облысы) 312 мың теңгеге дейін (Алматы қаласы) құрайды.

Сонымен қатар, 2023 жылдан бастап I және II патогендік топтардың патогендік биологиялық агенттерімен жұмыс істегені үшін ветеринариялық мамандарға 35 % және 50 % үстемеақы және кемінде екі лауазымдық жалақы мөлшерінде сауықтыру жәрдемақысы төленеді.

Осы мақсаттар үшін (ЖАО ветеринарларына қосымша ақыны қамтамасыз ету) Ауыл шаруашылығы министрлігі 2024 – 2026 жылдарға арналған нысаналы трансферттер арқылы республикалық бюджеттен жыл сайын 10,0 млрд теңгеге дейін қаражат бөлуді көздеді.

Жалпы ветеринариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері Үкіметтің тұрақты бақылауында.

С. Жұманғарин

А. Тоқтарова
75-00-33